

Мәслихаттың 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 336 "Жергілікті қоғамдастық жиналысының регламентін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қостанай облысы Амангелді ауданы мәслихатының 2023 жылғы 21 сәуірдегі № 11 шешімі

Амангелді аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Мәслихаттың "Жергілікті қоғамдастық жиналысының регламентін бекіту туралы" 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 336 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8880 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген жергілікті қоғамдастық жиналысының Регламентінде:

4-тармақта:

оныншы абзац алынып тасталсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Амангелді аудандық мәслихатының төрағасы

Қ. Кеделбаев